

28.10.2019 ж.

## Адамзат тағдырының жаршысы

Әбдіжәміл Нұрпейсовтың мерейтойына арналған кітап көрмесі

Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханамыздың абонемент бөлімінің ұйымдастыруымен қыркүйек күні жазушы Әбдіжәміл Нұрпейсовтың туғанына 95 жыл толуына орай көрме – қойылып, шолу жасалынды.

Қазақ даласындағы бір аяулы есім Әбдіжәміл Кәрімұлы Нұрпейісов 1924 жылы 22 қазанда Қызылорда облысы Арал ауданының Құланды ауылдық кеңесіне қарасты Үшкөң деген жерде дүниеге келген. 1942-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1956 жылы М.Горький атындағы Әдебиет институтын бітірген. 1962 – 1964 жылдары «Жұлдыз» журналының бас редакторы болды.

Көрменің мақсаты - Әбдіжәміл Нұрпейсовтың өмірі мен шығармашылығымен таныстыру, кітаптарын кенінен насихаттау.

Кітап көрмесіне қазақ әдебиетінің көк сеңгірі Әбдіжәміл Нұрпейсовтің ұшқыр қаламынан туған шығармалары оқырман назарына ұсынылды. Атап айтсақ: «Қан мен тер» трилогиясы, «Соңғы парыз» романы, «Күткен күн», «Сең» тағы басқа туындылары. «Қан мен тер» трилогиясында қазан төңкерісі қарсаңындағы қазақ ауылының жан түршігерлік трагедиялық жағдайы, бүкіл халық болмысы, ұлттық табиғаты мен күллі адамзатқа тән арман-мұраты қайталанбас қадау-қадау образ – характерлер арқылы айқын бейнеленген. Жазушы шығармалары көптеген тілдерге аударылған. Кітап көрмесіне 32 кітап, 7 мерзімді басылымдар беттерінде жарияланған мақалалар қойылған.

Әбдіжәміл Нұрпейісов «Құрмет Белгісі», «Халықтар достығы», «Отан» ордендерімен марапатталған. 1985 жылы Қазақ КСР Халық жазушысы құрметті атағы берілді. Жазушының қазақ әдебиетінде алатын орны ерекше. Оның қаламынан туған романдары мен повестері - әдебиетіміздің алтын қорына енген шығармалар. Бүгінгі көрмеге жазушының үздік еңбектері қойылды.



# Адамзат тағдырының жыршысы

Жазушы Әбдіжәмил Нұрпейісовтың туғанына 95 жыл

